ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 4 шілде №5165-23-00-2/1428 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ғ.Ә.Бектаев оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Smart101» - Байбатшаев Ұланбек Есенгалыйұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер (ары қарай - ДК) «Smart101» - Байбатшаев Ұланбек Есенгалыйұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ДК «Smart101» - Байбатшаев Ұланбек Есенгалыйұлынан мемлекет кірісіне мемлекеттік баж 1 725 (бір мың бес жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 04.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 12.08.2023, судья Мырзахметов К. Ш., 15.08.2023
5165-23-3-1/1538

тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ғ.Ә.Бектаев**

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 04.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2023, судья Мырзахметов К. Ш., 15.08.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»